

С.К.Рақымжанова

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана
(E-mail: rahimzhanova.82@mail.ru)*

Қазақ мәдениетіндегі философия феномені

Мақалада автор қазақ халқының даналық рухын айқындаған. Қазақ ойшылдарының философиялық көзқарасын ашқан. Қазақ философиясының философия тарихындағы және адамзат өміріндегі рөлін анықтаған. Қазақ философиясының даму тарихын көрсеткен. Қазақ философиясының даму тарихын анықтай отырып, оның адамзат өмірінде алатын орнын анықтаған. Қазақ философиясына қатысты негізгі мәселелерді қарастырған. Қазақ философиясының бүгінгі келбетін және философиялық ойлаудың жаңа моделін көрсеткен. Қазақ философиясы бойынша зерттеудің ғылыми бағыттарын анықтаған.

Кілт сөздер: философия, мәдениет, дүниетаным, миф, адам, әлем, табиғат, ар-ұят, ынсап, шаманизм, әдіснама, ұлт.

Философия — бүкіл адамзатты танудың басты жолы, ал қазақ философиясы қазақ халқын танудың бірден-бір жолы деп білеміз. Қазақ бітім-болмысын, адамгершілік негізін анықтаған көшпелі мәдениеттің тарихи типі. Қазақ халқын тану үшін оның ұлтының бойына сіңген ұлы данышпан даналардың қалыптастырған ғасырдан ғасырға ұласқан, ғасырлар бойы қазақ халқының қойнауын бойлаған даналық рухын тануға міндетті. Қазақтың даналық рухы даналық дүниетанымы басқа елдерде қайталанбайтын тәлтума өнерінде мақал-мәтелінде, аңыз әңгімелерінде, шешендік өнерінде, рухани құндылығында жатыр. Қазақтың кең байтақ даласы, тау-тасы, топырақ, жануары оның дүниетанымдық көзқарастарында ерекше орын алған. Қазақ халқының даналық дүниетанымы қазақ өмірінің болмысымен, шаруашылық тұрмыс жағдайымен, саяси қызмет ахуалымен, халықтың бойына біткен тәлім-тәрбиесімен, халқымыздың керемет бай әрі терең ойлы асыл қазына тілімен ұлы даналардың мұраларымен тығыз байланысты. Қазақ философиясы адамның этикалық, эстетикалық қабілетін арттыратын, қоғамда белгілі бір көзқарас қалыптастыратын, адамның санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіретін қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан даналардың асыл мұрасы. Ана сүті жас баланың буыны бекіп, бұғанасы қатаюға қандай әсері зор болса, сол секілді қазақ даналығын оқу арқылы әрбір қазақ баласының азаматтық рухы көтеріледі. Қазақ даналығын оқи отырып, оның ұлтының бойына сіңген дүниетанымды тани аламыз. Бүгінгі күні өзіміз өмір-тіршілігімізде қолданылатын таным түсінігіміздің түптамасы тереңде екенін сезінген сайын тарихымызға, ұлттық пәлсапамызға деген құмарлығымыз арта түседі.

Қазақ философиясының ерекшелігі адамдық қатынастардың рухани-құндылық аспектілерінің экономикалық шындықпен байланысымен де анықталуы керек, ал соңғы мәселе әдет-ғұрып, саяси сана, мінез-құлық және құндылықтар формасымен анықталады. Біздің ойымызша, тарихи фактілерді көрсету ғана емес, отандық, патриоттық идеялар негізінде халықтың әр кезеңдеріндегі мәдениетін, даналығын, руханилығын тарихи және мағыналы түрде анықтап, олардың аксиологиялық, методологиялық, герменевтикалық сипатын көрсету қажет.

Халқымыздың рухани қазынасы мол. Әрқайсысы адамзаттың табиғи-тарихи тіршілігіне ұлылық берер биік арман асуларын аттаған сайын жаңа мақсатта, жаңа жолға бастайтын тарихи баспалдақтары іспеттес. Өмір өзегінің азығы болар ең маңызды бастау тарих пен мәдениеттің дамуына қажетті объективті алғышарттарды дайындап беретін танымдық болмыс, сол тарихта мәдениетті, парасатты философияны жасайтын адам. Олай болса, қазақ философиясының проблемалар жүйесі де «Адам – Әлем» екендігін тура айтуға болады.

Тәуелсіздіктің рухымен ортамызға қайта оралған Қорқыт Ата мен мұсылмандық қайта өрлеудегі ғұламаларымыздың мұраттарынан ұлт-өнеге алуға бет бұруымыздың өзі тарихи-мәдени құбылыс. Адам және адамгершілік, білім мен өнерге үйрену, еңбексүйгіштік пен сыйластық, достық пен сабырлық сияқты адам болмысы тақырыптарын тереңінен толғап, таза ой маржандарын тере білген даналарымыз жеткілікті.

XVI–XVII ғғ. қазақ философиясы космологияға бағытталды. Оның ішінде жұлдыз әлемі, мұсылмандық күнтізбе және эмпирикалық (тәжірибелік) метеорология болды. Космологиялық

түсініктер діни сенімдермен байланысты. Олар әсіресе ақын, сал-сері, жырау шығармашылығында, Доспамбет, Шалкиіз, Жиімбет ерліктерінде байқалды. XVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырынды» философиялық проблемаларды ақыл мен үкімет ара қатынасында, практикалық философия мәселелері ретінде қойды. Бұқар-жыраудың «Практикалық зердесі», Ақтамбердінің этикасы, Төле, Әйтеке, Қаздауысты Қазбек билердің рух философиясында қалыптасты. Бұл Махамбеттің, Шернияздың, Сүйінбай, Шөже, Жинақ, Кемпірбай шығармашылықтарында және «Қармыс-Батыр», «Балуан-Нияз», «Бекет-Батыр» шығармаларында байқалды.

XIX ғ. философиясында Ш.Уәлихановтың қоғамдық прогресс концепциясы мен әлеуметтік-саяси көзқарастары ерекше орын алды. Өзінің ағарту философиясында Ы.Алтынсарин жастардың тағдырын ерекше көңіл бөліп, педагогикалық және психологиялық көзқарастарын дамытып, халқымыздың өмірде жаңғыруын көкседі. Қоғамдық дамудың жаңа сатысында эстетика көтеріліп, ақындардың айтысы, хикаялар мен қиссалар жаңа этикалық поэмалар өз көріністерін тапты. Музыкалық мәдениеттілікке Құрманғазы, Дәулет-Керей, Тәттімбет, Ықылас, Біржан, Мұхит, Ақан сері, Жаяу Мұса, Әсет, Сара т.б. ән-жырлары мен күйлері арқылы көрінді.

Философияның ең жоғарғы көрінісі — Абай Құнанбаев. Өзін «философ» деп есептемесе де, оның айтуынша, философтар Платон, Сократ, Аристотель табиғат — адам — қоғам жүйесінде философияның экзистенциалды мотивін ашып, «45 қара сөзін» болашақ ұрпағына өсиет етіп кеткен ұлы тұлға.

Абай Құнанбаев — қазақ халқының ұлы данышпан ойшылы, ұлы ғұламасы. Абайдың философиялық көзқарастары:

*Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын, —*

деген қағидасынан басталады [1].

Әрбір адамды өз болымысына сай өмір сүруге шақырады. Өмірде адам бойынан адамдық әрекеттерден басқа хайуандық әрекеттерде бой алады. Ал адам хайуандардан ақыл-ой арқылы өзгешеленбейді ме? Міне, адам өзінің ақыл-ой, санасы арқылы өткінші өмірде орынды әрекет етуге шақырады.

«Ей өтіп кеткен қайран күндерім-ай» демейтіндей, өзінің адами табиғатына сай әрекет етуді талап етеді. Адам табиғаттың аясында туған ұланы. Ендеше, сол табиғаттың аясындағы бұта, сол берілген мүмкіндікті, еркіндікті пайдалана отырып, неге өспейді. Өздерінің орынсыз әрекеттері арқылы өмірдің тұнығын шайқап, шат-шалағай болатындығы не? Адам атына лайықты іс істеліп, оның мәртебесін көтеретін биік мұраттан мұрындық болмаса, өзгенің бәрін-бәрін қойғанда пендешілік, ал әрілеп айтсақ, хайуандықтың айналасындағы бірдеңелер болып шығады. Ондай адам тіршілігінде от оттап, су сулаған жабайы хайуан «нәжістің қабы», ал өлгеннен кейін, одан да сасық өлексе, бара-бара қара топыраққа айналып кететін шіріндіге айналмақ. Сондықтан әрбір адам адамдық мәнділігін жоғалтпауы шарт. Ол үшін Абай адамдарды ғылым-білімге, адамгершілікке, еңбекке шақырады. Надандық пен күрестің басты құралы — ғылым-білім. Халқының санасына сәуле түсіргісі келді, ол сәулені Абай ғылымнан іздеді. Білімді адамның жүрегі — айна, көңілі ояу. Білімді адам үнемі білген сайын білуге талпынады, өйткені көкірегі ояу, бірдене айтса, жаны балқып шын көңілімен еліге тыңдайды, беріле ұғынады. Білімнің күдіреттілігі соншалықты, адамның санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіреді. Тек қана биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру адам үшін түкке тұрғысыз нәрсе. Әрине, биологиялық қажеттіліктер тұқым жалғастыру, тамақ ішу, құрыш кетпеу үшін қажет. Ал адамды мәңгілікке жетелейтін оның рухани өмірі. Рухани өмірде адам шексіз мәңгіліктің аясында өмір сүреді. Өлмес құндылықтарға қол созады. Адами мәнділігін жоғалтпауға тырысады. Адам тек қана биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыратын болса, адамға тән көптеген құндылықтар қалыптаспаған болар еді. Адамды мәңгіліктің аясына жетелейтін оның рухани өмірі екендігін болашақ ұрпағына жеткізеді. Адам болам десең, байлықпен озбай, адамгершілік, ғылым, ар-мінезбен оз дейді. Кісінің адамшылық қасиетін бірінші орынға қояды. «Өмір жолының екі басы» туу мен өлу ғой. Екеуі де тәңір ісі, жаратылыс заңы. Осы екі аралықта өзіңе шақтап берілген өмірде құлап кетпе, тура шық дегенге шақырады. Адамгершілікті жоғары бағалап, әрбір ісің адамшылыққа бастауға шақырады. Жалған намыс сақтау қасиет емес, ар-ұят адамшылықты сақтау қасиет. Ар-ұят жазасы бар жазадан ауыр. Қазақта: «Өлімнен ұят күшті» деген қағида текке айтылмаған секілді. Абай — қазақ халқының ұлы ғұлама данышпаны. Абайдың дүниетанымы терең даналық, оның философиялық экзистенциалды мотиві терең, синтездің сипаты да бар. Абай дүниетанымында қазіргі заманымызда ерекше орын алатын ар-ұят мәселесі өз өрнегін табады. Кімнің

ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ, — дейді Абай. Ұят деген — адам өз бойындағы адамшылығы. Ал ұялып қызара білу адам бойындағы адамгершілік қасиетті білдіреді. Ұялу — жақсы сезім, ең жақсысы адамның өзінен-өзі ұяла білу. Егер адам өзінен-өзі ұялса, жаман харекетке бармайды, өтірік, өсек, мақтаншақтыққа салынбайды. Көбінесе адам өз-өзінен ұялмаған нәтижесінде өзгелерді алдайды. Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ. Әділ, шыншыл адам ешқашан ұятсыз әрекетке аяқ баспайды. Адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі. Егер де адамдардың бойында ар-ұят болса, оның әрбір істеген әрекеті адамшылдыққа бастайды. Ешкімге зиян тигізбей, қазіргі қоғамымызда адамның бойында ар-ұят табылса, ол болашаққа деген сенімді жол болар еді. Шындығында жалған намыс сақтау қасиет емес, ар-ұят — адам бойындағы ұлы қасиет. Арлы адам әрбір ісін әділділікпен істейді, ақты ақ дейді, қараны қара дейді. Не әділ болса, сол мәңгілік қой. Әділді әділ деу қажет деп қарау қажет екендігін ұғындырады.

XX ғасырда қазақ философиясы репрессияға ұшыраған, не қудалаған зиялы қауымның іс-әрекеттерімен байланысты. Жаңа қоғамдық қатынастар негізінде (қоғамдық қатынастарды жасайтын адам) ұлттық философияны дамытқан, «Үш анық» еңбегі арқылы синтетикалық ой-тұжырым жасаған Шәкәрім Құдайбердиев. Шәкәрім Құдайбердиев — қазақтың ұлы данышпан ойшылы. Оның дүниетанымында көбіне мораль философиясымен мәдениет ілімін қамтыды. Шәкәрім дүниетанымында Тәңір, Нұр, Күн, Табиғат — ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар. Оның дүниетанымы мораль философиясына жақын.

*Еңбекке шыда ебін тап,
Сабырдың түбі сары алтын.
Өзімшіл болма, көпті сыйла.
Адамның бәрі өз халқың [2; 45].*

Адамзатқа өзара бірін-бірі қор қылмауға шақырады. Адамзатқа ортақ негізде өмір сүруге үндейді. Әрбір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, адам деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырды. Ар-ұят мәселесін бірінші орынға қойды. Егер адам өзіне сай адамгершілігін адамшылығын жоғалтса, оның өлгенімен бірдей. Бар жазадан ар-ұят жазасы ауыр. Қараңғы елді надандықтан құтқарудың басты жолы адамгершілік пен өнер, білім жолы деп біледі. Өнер білімге сүйене отырып, адамгершілік мақсаттарды туралы көзқарастарды көтереді. Ойшылдың өлеңдері, шығармалары терең даналыққа толы. Осындай шығармаларының бірі «Үш анық». Бұл Шәкәрімнің терең даналыққа толы шығармасы еді. Шәкәрімнің дүниетанымындағы өзекті мәселе — ар-ұят мәселесі. Әрбір адам дүниеге келгеннен соң мақсаты дос көбейтіп, өзгелермен адамгершілік, ар-ұятты сақтамақ. Өйткені өмір бірқалыпты тұрмайды, ол аумалы-төкпелі. Қазақ дүниетанымында жақсылық пен жамандық категорияларының алатын орны зор. Себебі жамандық жасаған адамның өзіне, жақсылық жаса, сонда оны жеңесің, жақсылық жасасаң, жарқырап ашылып, толарсың. Ар — үлкен, ұлы ұғым. Ар — адамның өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Ұят сезімі ардан келіп шығады. Ары жоқ адамда ұят болмайды. Осы ар-ұят мәселесі Шәкәрім дүниетанымында ерекше орын алады.

*Сабыр-сақтық ой толып болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан,
Ынсап, мейірім, ар-ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан, —*

деп жырлайды [2; 57].

Әрине, адам қарны ашса, өмір сүруі мүмкін, қаны бұзылып, ар-ұятты сатса, саналы адамның өмір сүруі мүмкін емес. Қазақта осыған орай жоғарыда айтылған «Өлімнен ұят күшті» деп таныған. Егер ар-ұятты аяққа бассаң, өлгенмен бірдейсің. Сондықтан қазақ дүниетанымында ар-ұят мәселесіне байланысты тірі жүріп, арамдықпен бал жалағанша, адамгершіліктің уын ішіп өлген артық деген идеяға сәйкес өмір сүруге шақырады. Шәкәрім Құдайбердіұлының ең негізгі философиялық шығармасы — «Үш анық». Шәкәрім дүние ешқандай кездейсоқсыз белгілі бір заңдылықты дамуының негізінде құдайдың, жаратушы, жаратқанды — *бірінші анық* деп таныған.

Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы — Шәкәрім философиясындағы *екінші анық*. Егер дүние мақсаты жарымсақтылы дамып жетілсе, адамның жаны мәдениетті жасауда ең негізгі роль атқарса, оған енді азық керек, ол ұждан. Ұждан — бұл Шәкәрім философиясындағы *үшінші анық*. Ол *әділет, мейірім, ынсап*. Шәкәрімнің философиялық толғаулары адамды даналыққа бастайды, адамды үнемі орынды харекет етуге шақырады. Шәкәрімнің философиялық ойлары адамдардың өз болмысына үңілуге шақырады. Бұл өте ауыр жол, қиын. Бұл жеке адамның тұлғаның ғана қолынан келе береді. Сондықтан көп адам осыдан қашады. Қашу арқылы біз мүмкіндігімізден айырыламыз.

Егер адамдар өз болмысына үңіліп, соған сай әрекет етсе, дүниеде адам деген атқа лайықты орын тебеді. Сондай-ақ қазақ даналығының дамуына өзіндік үлесін қосқан ойшыл адам бойындағы тал бесіктен жер бесікке дейінгі барлық мәселелерді көтере отырып, адамзатқа ортақ мәселелерді көтерген. Адамзат өмірінде Шәкәрім Құдайбердиевтің дүниетанымының ерекше даналыққа толы, даналық екені анық. Оның тереңіне бойлаған сайын біз оны әр түрлі қырларымен көреміз. Оған зерттеулер жүргізілген сайын біз даналыққа шомыламыз. Сондықтан Шәкәрім дүниетанымы адамзатқа ортақ құндылық. Қазақ философиясында өзіндік орыны бар ойшыл Шоқан Уәлиханов. Ш.Уәлиханов — қазақ халқының ұлы ғұлама, ағартушысы. Шоқанның дүниетанымында терең философиялық көзқарастар жатыр. Шоқан адамдардың діни сенімін табиғат күшінің адамға еткен өктемдігінің әсерінен, адамның оның алдындағы әлсіздігінен пайда болған деп дәлелдейді. «Табиғат пен адам» өмір мен өлім ақыл жетпес құпия болып келді. Әлемді және ғажайып ғаламаттарын өмір мен өлімнің сырын адамның табиғатқа деген қатынасын, құпиясын білу сияқты қажеттіліктерден келіп әлем мен табиғат, өлген адамдарды қастерлеу шаман дінін туғызды. Сәбилік дәрежедегі адам күнге, ай мен жұлдызға және біздің табиғат немесе әлем деп атап жүрген шетсіз, шексіз мәңгілікке, бәріне табынатын болады. Әлемнің басы да аяғы да жоқ, өмір мәңгілік деп білген.

Ш.Уәлихановтың саяси, әлеуметтік көзқарасына тоқтайтын болсақ, ол басыбайлылық, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққан ресей прогресшіл-демократтар тобына жақындығын дәлелдеді. Ол қазақ қауымын демократиялық жолмен өзгертуді көкседі. Шоқан алдымен елжанды, адамгершілігі мол, интернационалист жан еді. «Ең алдымен өзімнің туған халқымды, сосын Сібірді, сосын бүкіл Ресейді, содан кейін барлық әлемді сүйемін», — деп жазды Шоқан.

Қоғамдық құбылыстарды ол ағартушылық тұрғыдан түсіндірді. Өз халқын Еуропа мәдениетінен үйренуге, прогреске шақырды. «Сот реформасы туралы жазбаларында» Шоқан патша өкіметі жүргізген сот реформасында бай, сұлтан, билердің, орыс отаршылдарының ғана мүддесі көзделінгенін, қазақ еңбекшілері солардың қанауында қалып, олардың озбырлығына жол берілгендігін әшкерледі. Сөйтіп, ол қазақ қоғамында үстем тап пен езілуші тап бар екенін айқындайды.

Дүниетанымдық көзқарасында Шоқан жалпы идеализм шеңберінен шыға алмағанымен, көп жағдайда материалистік көзқарасқа жақындады. Материяның санаға қатысы туралы мәселені материалистік тұрғыда шешті. Оның діни ұғым туралы пікірі өте құнды. Қазақ жерінде ол ислам дінімен қатар шамандық дін кең орын алып отырғанын талдап көрсетті. Діннің гносеологиялық тамырын ашты. Ислам дінін таратушы татар молдаларын сынады. Қазақ халқының тез дамуы үшін қазақ жерінде орыс мектептерін ашып, ислам діні ықпалынан босату қажет деп көрсетті. Шоқан Орта Азия, Шығыс Түркістан елдерінің тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын зерттеді. Қырғыздардың «Манас» эпосын зерттеп, ол туралы ғылыми пікір айтты. «Жоңғария очерктерінде» Шоқан ең бай мәдени ошақтары болған Самарқан, Хиуа, Ташкент, Ферғана, Бұқара кітапханалары мен XIII–XIV ғасырларда қирағанын өкінішпен айтады.

Ұлт азаттық қозғалыстың өкілі А.Бөкейханов, ұлттық тілтану мен лингвистика саласын дамытқан А.Байтұрсынов, әйгілі ақын-лирик М.Жұмабаев, қазақ романтикасының негізін қалаушы М.Дулатов, «Шығыстың ұлы азатшысы» М.Шоқай. Көне түрік жазбаларындағы алғашқы философиялық ойлардың да орыны ерекше. Қазақтың ата-тегі болып табылатын сақтар, ғұндар, үйсіндердің түп төркіндеріндегі карама-қайшылықтарға қарамастан, көшпенділік әмбебапшылығы басымдылыққа ие болды. Солай бола тұра, жер өңдеушілердің де дүниетанымдық көзқарастары үнемі елеулі ықпалын жүргізіп отырды.

Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық мәселе отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара қатысы шығады. Бұл көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі.

Ашина (көк бөрі) ұрпақтары VI ғасыр хандықтың басқару жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының (кейінгі Қазақ хандығында — билер алқасы мен хан кеңесі) құзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл мансаптар мұрагерлік жолмен хандық билік, әскери демократия арқылы жүзеге асырылған. Халықтық құқықтық санасының әрі мемлекеттік басқару жүйесінің арқауы кең ауқымды жеті баптан тұратын, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деген атқа ие болған ел заңы.

VIII ғасыр басында жазылған аталмыш жәдігерліктер типі XV–XIX ғасырларға дейін жеткен. Мұндай жәдігерліктер қатарына «Қорқыт Ата» кітабы мен «Оғызнаманы» да жатқызуға болады. Олардың өзара желілері, баяндау үлгілері, дүниетанымдық арқаулары өте ұқсас.

Бұл аталмыш жәдігерліктердің барлығының да мазмұнын тәңіршілдік көктей өтеді, ол олардың дүниетанымдық өзегі ретінде көрінеді. Мысалы: көне түркілердің космогониялық түсінігін мына сөздерден бағамдауға болады: «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралған екі арасында кісі текті жаралған екен». Олардың үстінен қарайтын «Тәңіріден болған», яғни қоғамдық үстемдікке ие болғандар, Бумын, Істемі, Білге қағандар еді. Аспанның, жердің, тау-ойпатының кереғар ұғымдар, диалектикалық қарама-қарсылықтардың бірлігі екендігін көне түріктер үстірт болса да пайымдай алды ма? Әрине, оның үстіне тәңіршілдік, анимизм мен тотемдік көзқарастар үстем болды. Сонысына қарамай Аспан (Көк тәңірі) мен Қара жер (Жер-ана) аралығындағы ғұмыр кешкен адамзаттың екі топқа бөлінуі де адамдардың қарама-қарсы екі жаратушының қайсысына «жақын» екендігі туралы эпсаналармен тығыз байланысты болғандығын көруге болады. Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі — Тәңірінің жасампаздық күдіретіне деген халықтық сенім. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі (қарақытай) бағынғаны үшін жазалануы да Тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі. Орхон-Енисей жазбалары «Қорқыт Ата» кітабы, «Оғызнама» жәдігерліктерінде тотемдік, анимистік көзқарастар сілтемдері сақталғанымен, мифтік ойлаудың ықпалы азая бастағаны байқалады. Оны оқиғалар желісінің реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынынан-ақ пайымдауға болады.

Табиғи ортаны өңдеудің туындауы философиялық көзқараста адамның айқын мақсатты қызметінің, мақсат белгілеу факторының пайда болуын көрсетеді. Мұның өзі, адамның табиғаттан бөлініп, дербес тіршілік иесі болып қалыптасуының алғышарты еді. Тұтас, бірақ қарама-қайшылықты процесте оның әрқилы табиғи заңдылық және адамдардың мақсаты қызметі ретінде көрінеді. Енді ол «табиғат бөлшегі» емес, оның әміршісі, өңдеушісі дәрежесіне ұмтылуымен бірге дамиды. Қауымдық болмыстың бейнесі — қауымдық сананың негізгі өзекті мазмұнын құрайтын, жеке адамдардың, яғни қауым мүшелерінің, мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал жасайтын, реттеушілік атқаратын ой кешу үрдістерінің жиынтығы танымдық тәжірибесі мол, көргені мен көңіліне түйгені көп ру ақсақалдарының құзырында болды. Жазу-сызудың жоқ кезінде ру көсемдерінің ұрпақтан ұрпаққа ұласқан тәжірибені зердесіне сақтаған әрі күнделікті өмір сүру процесінің қарапайым қағидаларын тұжырымдап отыруы сол заманға тән заңдылық болатын.

Көне жазулар ең алғаш тас бетіне жазған, одан кейін ағашқа жазған. Қазіргі күнгі жазу-сызу жобалары осындай үлкен өзгерістерден өту арқылы бізге жеткен.

Қазақ философиясының түп-тамырын ашу, оның тарихи кезеңдерін анықтау бүгінгі философтар үшін терең ойды, білімділікті қажет етеді. Біздің ойымызша, ең бір тиімді әдіснама — ол философияның принциптері мен заңдылықтарын қолдану, герменевтика, тарихилық пен логикалық бірлігі.

Тарихилық пен логикалықтың бірлігі. Қазақ философиясына қатысты негіздері үш мәселені ашып алу керек:

1. Қазақ философиясы «қалай» пайда болды?
2. Қазақ философиясы «қандай» даму сатыларынан өтті?
3. Осы дамудың негізінде қазақ философиясы неге айналды қандай болды, болу керек? [3].

Біз айқындап көрсеткен тарихи кезеңдер, сұрақтың қойылуына байланысты көрсетіліп отыр. Әдебиетшілердің, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылардың т.б. мамандардың өз тұрғысынан ойы болар. Солай болуы да керек. Осы орайда бүгінгі қазақстандық философия тұрғысында сөз ету өте орынды. Бүкіләлемдік философияның бір бөлігі ретінде қазақстандық философияның өзінің қайталанбайтын тағдыры бар, алдына қойған императивтері мен міндеттерін жауапкершілікпен жүзеге асыратын қоғамдық сананың ерекше формасы, рухани іс-әрекет. Көптеген міндеттердің ішінде ең бастысы — қазақ философиясының ерекшелігі, философиялық рухани құндылықтарымызды тереңінен зерттеу, қазақи дүниетанымның бет-бейнесін жасау, оның өмірлік-мағыналы құндылық бағыттылығын анықтау. Қазақ философиясы — өзіне тән онтологиясы мен антропологиясы бар мәдениеттің рухани «квитэссенциясы» ретінде анықталады.

Қазақ философиясы батыстың логоцентризмі мен рациоцентрилік дәстүрінен ерекше біртұтастық принципіне негізделіп, жүрек пен сезім бірлігі арқылы руханилық пен адамгершілік өлшемін анықтайды. Қазақ философиясының дамуының 5 кезеңін анықтаймыз:

- V–XV ғғ. болмысты түсінудегі түрік кезені;
- XV–XVIII Қазақ хандығының дүниетанымы;
- XIX ғ. қазақ даласындағы ағартушылар;
- XX ғ. басындағы қазақ зиялы қауымның көзқарастары;
- XX ғасырдың ортасынан бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақстандық кәсіптік философия [4].

Қазақ, түрік, ислам философиясының ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ашып көрсету арқылы қазақ философиясының бүгінгі келбеті, философиялық ойлаудың қазіргі моделі, руханилықты меңзейтін біртұтас көзқарас қалыптастыруда мына төмендегі мәселелерді ескеру керек:

- қазақ философиясын жаңа деңгейде дамыту;
- қазақ философиясының тарихын зерттеуде әдіснамалық бағыттылықты анықтай білу (материалистік тұрғыдан қарастырудан гөрі, тарихи-логикалық, аксиологиялық, герменевтикалық, синергетикалық принциптерді этноәлеуметтілік кеңістікте қолдану);
- қазақ даналығының негізгі көзқарастық ерекшеліктерін талдауда адамзаттың рухани біртұтастығы негізінде, жеке тұлға ретінде олардың көзқарастық жүйесін ерекше айқындау;
- қазақтың дүниетанымын анықтауда әлемдік философиялық ғылымның бүкіл технологиясы мен методологиясын, қос-қостан болатын категорияларды қолдану қажет. Бірақ шығыс менталитетін, көшпенділер, қазақи дүниетаным сипатын қабылдауы мен түсінуін ерекше сақтағанымыз дұрыс;
- қазақи дүниетаным, діни ерекшеліктер мен түсініктер, әлемдік-кеңістік таным, қазақи ойлауды терең түсіну;
- бүгінгі қоғам дамуының жаңа сипатын ескере отырып, адамның жаңғыруы ұстанымын анықтау;
- қазақ философиясының категориялық деңгейде анықтау.

Сонымен қатар бүгінгі күнде қазақ философиясы бойынша зерттеу пәні болатын ғылыми бағыттарды көрсетуге болады:

- түріктілдес әлемдегі мифология;
- қазақ даласындағы ислам философиясы (өткені мен бүгіні);
- қазақ ойшылдарының дүниетанымындағы ерік идеясы;
- ортаазиаттық аймақтық ойшылдардың көзқарастық категориялардағы «Адам — Әлем» проблемасы;
- қазіргі глобалды проблемалар контекстіндегі Қазақстан философиялық мектебінің еңбектері.

Қазақ халқының ұлтына нәр беретін ұлттық рухы өз дамуында талай тарихи кезеңді басынан өткізді. Қазақ философиясы бүкіл адамзатты танудың және халықтың ұлттық рухын танудың басты жолы. Адам ең бірінші өзін-өзі тану арқылы, өзін білім алып жетілдіру арқылы халқының рухани дүниесіне зер салып, содан өзіне керек руханилықты жинай білмек.

Рух, ең алдымен, қазақ рухының күнделікті өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылығымен байланысты болған. Рухтың негізі халықтың бойына сіңген тәлім-тәрбиесінде, халқымыздың бойына сіңген керемет әрі бай, терең даналыққа толы тілінде, басқа елдермен салыстыруға келмейтін төл тума өнерінде жатыр. Халқымыздың даналық рухы мәңгі сарқылмайтын даналық. Рух дегеніміз — көне заманнан бүгінге дейін келе жатқан халық дүние-танымның ең жоғарғы формасы. Қазақ халқының даналық рухының көзіне айналған аңыз әңгімелер, жыр дастандар, мақал-мәтелдер, күй өнерінде жатыр. Бұның бәрі адамның өмір салтына байланысты туындаған. Қазақ даналығы — таусылмас дүниетаным. Қазақ даналығы адамдардың санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіретін, ойлау қабілетін артыратын дүниетаным.

Қазақ халқының ұлттық сананың қалыптасуы оның даналық дүниетанымының қалыптасуының ең басты жолы. Халық санасында ерекше орын алған мәселелер оның күнделікті өмір тіршілігіне байланысты туындайды. Халық санасына оның тереңінде шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсірген ғылым-білім болды. Халықтық дүниетанымының қалыптасуы күнделікті өмір тіршілігімен тығыз байланысты. Көптеген ұлттық даналықтың қалыптасуына әсер еткен ол күнделікті өмір әрекеті. Адам жалпы өз тағдырын жасаушы өмірдің негізін құрушы басты себепші, өзгертуші пенде болса, оның өмірінде ерекше орын алған құндылық оның ұлттық санасы.

Жалпы қазақ халқының дүниетанымында ұлттық ілімнің идеялары басым. Жалпы адамды өзге тіршілік иелерінен өзгешелендіретін оның ұлттық санасы. Қазақ халқының ұлттық санасы өте биік, ұлттық сананың өзіндік ерекшелігі басым екенін анық дәлелдей аламыз. Біз оны ұлы даналарымыздың

дүниетанымынан және жыраулар ілімінен аңғара аламыз. Халық дүниетанымындағы ұлттық рухтың биіктігі, ол біздің ұлттық санамыздың жемісі. Сондықтан халық санасының қалыптасуы өзіндік қайталанбас әртүрлі кезеңдерден өтті. Халықтық дүниетанымының қалыптасуы ол жалпы халық санасының жемісі. Қазақ халқының даналығы ұлтының бойына біткен асыл қазынаны таныттыратын ерекше бір тағылым. Қазақтың даналық дүниетанымы толғамы тереңде жатқан құндылық. Сонау ертеден келе жатқан даналық сөздері қай заманда болмасын мағынасын жоғалтпайтын асыл қазына. Біз оны қай жағынан алып қарастырсақ та, терең даналыққа толы тағылым. Даналық дүниетанымының болашақ ұрпақтың өмірінде алатын орны ерекше. Ол әрбір қазақ баласының жанына мәңгі азық бола бермек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Құнанбаев А.* Шығармалар жинағы. — Алматы: Атамұра, 1991. — 32-б.
- 2 *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1996. — 45–57-б.
- 3 *Қасабеков А., Алмаев Ж.* Қазақ философиясы. — Алматы: Атамұра, 2006. — 12-б.
- 4 *Табылдиев Ә.* Халық тағылымы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 33-б.

С.К.Рахимжанова

Феномен философии в казахской культуре

В статье автор стремится показать основу духовной мудрости казахского народа, раскрыть философское значение мировоззрения казахских мыслителей, определить роль казахского мировоззрения в жизни человечества, уточняет историю развития казахской философии, обозначая ее роль в жизни человечества. Рассмотрены основные проблемы казахской философии. Показаны современный образ и философское мышление, определены направления научных исследований казахской философии.

S.K.Rahimzhanova

The phenomenon of philosophy in Kazakh culture

To learn a basis spiritual wisdom introduced on extents of centuries in the Kazakh people. To open philosophical meaning of outlook thinkers, borrowing special place in the Kazakh wisdom. To learn a role of the Kazakh outlook in life making and society in history of philosophies. Specifying a history of development of the Kazakh philosophy to open the lifted essence. By defining history of the Kazakh philosophy revealed its role in the life of mankind. Main problems of Kazakh philosophy considered. The modern image of Kazakh philosophy and philosophical thinking has been shown. Scientific directions of Kazakhs philosophical researcher has been shown.

References

- 1 Kunanbayev A. *Collected Works*, Almaty: Atamura, 1991, p. 32.
- 2 Kudaiberdiev Sh. *Works*, Almaty: Zhazushy, 1996, p. 45–57.
- 3 Kasabekov A., Almaev Zh. *Kazakh philosophy*, Almaty: Atamura, 2006, p. 12.
- 4 Tabyldiev A. *Folk wisdom*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 33.